

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: ЗАҢ МЕН ТӘРТІП, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ, ҚОҒАМДЫҚ ОПТИМИЗМ» АТТЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ

Құрметті депутаттар!

Өткен аптада Парламенттің жаңа сессиясы ашылды.

Қызметтеріңізге табыс тілеймін! Алдыңғы сессия жемісті болды деп күмәнсіз айтуға болады. Елге қажетті көптеген заң қабылданды. Халықтың көкейінде жүрген өзекті мәселелер көтерілді, жан-жақты талқыланды. Депутаттар жазғы демалыс кезінде аймақтарға барып, азаматтармен кездесті. Енді жұртшылық айтқан мәселелерді саралап, Үкіметпен бірге пысықтап, осы сессия барысында ескеру қажет. Жалпы, Парламент депутаттары елімізде түбегейлі реформалар жасау жолында маңызды рөл атқарып келеді. Сіздерге зор ризашылығымды білдіремін.

Қымбатты отандастар!

Құрметті Парламент депутаттары және Үкімет мүшелері!

Қазір дүние жүзі жаңа тарихи дәуірге қадам басты.

Бұл дәуірдің барша адамзат үшін оңай болмайтыны анық. Алпауыт елдер мен халықаралық одақтар арасындағы қарама-қайшылықтардың ауқымы өсіп бара жатыр. Халықаралық қатынастағы шиеленістер мен озбырлықтың салдарынан қақтығыстар мен соғыстар белең алды. Кейбір мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясатында әсіре ұлтшылдық күшейді.

Әлем экономикасында теңсіздіктер мен қайшылықтар ушыға түсті. Кейбір мемлекеттер экономикалық дамуда артта қалып, кейбір елдер жасанды интеллект саласында теңдессіз табысқа жетуде. Геосаяси ахуалдың түбірімен өзгере бастағанын аңғартатын басқа да факторлар аз емес. Қазақстан – әлем қауымдастығының ажырамас бөлігі. Мемлекетіміз Еуразия құрлығының дәл ортасында орналасқан. Қазіргі заман бұлшыңыр, тұрақсыз болса да, біз бәріміз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуіріне қадам бастық. Менің негізгі мақсатым – осындай түрлі қатерге толы кезеңде еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Өскекең ұрпақ бақытты, берекелі өмір сүруге тиіс. Сол үшін бәріміз бір ұлт болып, табанды еңбек етуіміз керек. Бұл – баршамызға ортақ өте маңызды жұмыс, аса жауапты азаматтық және ұлттық міндет.

Қазақстанды бәсекеге қабілетті ел ретінде дамытамыз десек, жұмысымызды жаңаша тәсілмен жүргізуіміз керек. Осы орайда, алдымызда тұрған мынадай маңызды міндеттерге тоқталып өткіміз келеді.

Бірінші. Елімізге қомақты инвестиция тарту керек. Ірі инвесторлармен қатар орта және шағын инвесторлармен тығыз байланыста жұмыс істеу керек. Қаражаттың қай бағытқа, қандай мақсатпен және қанша көлемде қажет екенін нақты білу қажет. «Инвестицияға тапсырыс» өндірістің сұранысына сай жасалуы керек. Бұдан бөлек, инвесторларға ұсынылатын салық жеңілдіктерін мұқият ойластырып, байыппен қолданған жөн, ел экономикасы үшін маңызды, пайдасы бар жобаларға



басымдық берілуге тиіс.

Екінші. Өңдеу өнеркәсібінің дамуына жаңа серпін беретін уақыт келді.

Бұл бағытта соңғы бес жылда бірқатар жетістік бар деп айтуға болады. Өңдеу өнеркәсібінің жалпы қосымша құны екі есе өсіп, 17 триллион теңгеге жуықтады. Ал оның жалпы ішкі өнімдегі үлесі 12,4 пайызға жетті. Былтырдың өзінде 163 жаңа өндіріс іске қосылды. Соның нәтижесінде 12,5 мың тұрақты жұмыс орны пайда болды. Мысалы, Алматы, Қостанай, Қарағанды, Атырау облыстарында машина жасау және металлургия саласындағы ірі кәсіпорындар ашылды. Биыл Алматыда әртүрлі автокөліктер шығаратын Қазақстандағы ең үлкен өндіріс орны жұмысын бастады. Бірақ бұл, әрине, жеткіліксіз. Жаһандық үдерістерге сәйкес, сирек кездесетін металдардың және айрықша қажет басқа да материалдардың маңызы арта түсті. Бұл саладағы әлемдік өндірістер мен саудасаттықтың жаңа желісінде өз орнын нықтап алуына Қазақстанның толық мүмкіндігі бар.

Үшінші. Ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеру қажет. Көптеген аймақта өндірістің барлық сатысын қамтитын үздік агрокәсіпорындар бар. Оларды жұртшылық жақсы біледі. Бұл кәсіпорындар цифрландыру тәсілдерін жаппай енгізу арқылы өндірістің тиімділігін әлдеқайда арттыруда.

Үздік агрокәсіпорындар ауыл шаруашылығы өнімін шығарудан бастап оны терең өңдеуге дейін тұтас өндірісті толығымен жолға қойып, зор табысқа жетіп отыр. Сондықтан осындай агрохолдингтердің тәжірибесін тарату үшін барынша жағдай жасаған жөн. Елдегі азық-түлік нарығының импортқа тәуелділігін барынша азайту – Үкіметтің стратегиялық міндеті.

Төртінші. Көлік-логистиканы одан әрі дамыту керек.

Еліміз Еуропа мен Азияның арасын жалғап тұрған аса маңызды көпір болып саналатыны кеңінен белгілі. Былтыр

біздің территориямыз арқылы жүк тасымалдау көлемі 1 миллиард тоннадан асты. Сонымен бірге еліміздің транзиттік әлеуетін арттыруға әлі де зор мүмкіндік бар. «Солтүстік – Оңтүстік» көлік дәлізі Парсы шығанағы мен Оңтүстік Азия елдерінің нарығына тікелей жол ашады. Ал «Шығыс – Батыс» дәлізі мен Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» жаһандық бастамасы Қазақстанның Еуразиядағы негізгі құрлық жолы ретіндегі рөлін күшейте түседі.

Бесінші. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен су инфрақұрылымын жаңғырту – тұрақты дамудың негізгі факторы.

Қазіргі жағдайда мемлекет пен бизнес серіктестік орнатпаса, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мүмкін емес. Бұл – аксиома.

Кейбір тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы нысандарын әкімдіктердің қарамағында сақтап қалу қажет пе, жоқ па деген мәселені жаңаша зерделеген жөн.

Коммуналдық шаруашылықты жаңғырту ісі инфрақұрылымдар мен тұрғын-үй қорын энергияны үнемдеуге көшіру шараларымен қатар жүруге тиіс.

Былтыр 19 миллион шаршы метр баспана пайдалануға берілді.

Сонымен бірге құрылыс сапасын арттыру үшін жасанды интеллект технологияларының (Building Information Modeling, BIM) көмегімен ғимараттарды ақпараттық модельдеу әдісін кеңінен қолдану керек.

Үкімет құрылыстың барлық кезеңдерін толық есепке алуды, жоспарлауды, оған мониторинг жүргізуді қамтамасыз ететін ұлттық цифрлық платформаны іске қосу қажет.

Ал жаңа Құрылыс кодексі осы саланың қауіпсіз әрі ашық болуына және тұрақты дамуына жол ашатын берік заңнамалық негізге айналуға тиіс.

Алтыншы. Кәсіпкерлер елімізді цифрлық дамытудың қозғаушы күші болуға тиіс. Шағын және орта бизнестің ішкі жалпы өнімдегі үлесі 40 пайызға, ал жұмыспен қамту ісіндегі үлесі 50 пайызға жуықтады. Бұл – жамаңа көрсеткіш емес. Бірақ осы саланы жүйелі түрде жетілдіре түспесе, экономиканы дамыту және тұрмыс сапасын жақсартуға тың серпін бере алмаймыз. Занды күрделендіре бермеу керек. Қайта оны кәсіпкерлердің қажетіне қарай бейімдеп, министрлер мен әкімдердің нақты нәтиже үшін жеке жауапкершілігін күшейткен жөн. Жаңа Салық кодексі қазіргі нормалар мен рәсімдерді өзгертумен шектелмеуі керек. Бұл құжат салық төлеушілердің ашықтық пен адалдыққа негізделген жаңа таным-түсінігі мен болмысын қалыптастыруға тиіс. Мемлекет адал жұмыс істейтін салық төлеушілердің мүддесін қорғайды. Олардың адал еңбегінен түскен салықты елімізді дамытуға жұмсайды.

Жалғасы 2-ші бетте

БІЛІМ КҮНІ МЕН КОНСТИТУЦИЯ МЕРЕКЕСІ - ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ АЛТЫН ҚАЗЫНАСЫ

Құрметті қонақтар, профессор – оқытушылар құрамы мен студенттер! Сіздерді ең жарқын мереке - Білім күнімен құттықтаймыз!

Бірінші қыркүйек әрдайым керемет мереке және білімнің, жаңа ашылулардың, жетістіктер мен жеңістердің, достармен және жана кездесудің, қызықты әлемге саяхаттың басталу күні.

Бұл күн бәріміз үшін маңызды, ол үлкенге де, кішіге де бірдей қымбат. Өйткені, адам өмірінде қандай биіктерге жетсе де, бұл білімнің арқасында. 2025 жылы барша Қазақстан халқы үшін аса маңызды тарихи белес - Қазақстан Республикасының Конституциясына 30 жыл толып отыр. Бұл – егемен еліміздің жүрегі – Ата Заңымыздың мәртебесін ұлықтайтын, құқықтық мемлекет ретінде жеткен жетістіктерімізді айшықтайтын, ел бірлігі мен тұтастығын дәріптейтін ерекше жыл. «Ата заң - Тәуелсіз ел тұғыры», «Конституция – әділет пен парасат жолы» тақырыптарында арнайы тәрбие сағаттары алдағы уақытта өткізіледі.

Жаңа оқу жылы барлығыңыз үшін сәтті және қуанышты болсын! Студенттер ендігі жерде жарқын болашақтың үміті мен сенімі өздеріне артылады.

Сіздерге салауатты өмір, мол ізденіс, биік жетістіктер тілеймін.

*Ізгі ниетпен,
Университет тәрбие ісі бөлімінің проректоры
КАШАБАЕВА Роза Ахметқазиевна*

АТА ЗАҢЫМЫЗҒА – 30 ЖЫЛ, БІЛІМГЕ – МӘҢГІЛІК ЖОЛ

Қадірлі әріптестер, ардақты профессор - оқытушылар қауымы, қымбатты студенттер мен ата-аналар! Сіздерді жаңа оқу жылының басталуымен, дәстүрлі мерекеміз – Білім күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке – жас ұрпақтың арман-мақсатына, ғылым мен білімге бастайтын үлкен қадамдарының бастауы. Әрбір Білім күні – еліміздің болашағы саналатын жастардың жаңашыл ойына, жасампаз істеріне жол ашатын ерекше мәнге ие күн.

Биылғы оқу жылы Қазақстан үшін тарихи белестермен тұспа-тұс келіп отыр. Қадірлі Отанымыздың Ата заңына 30 жыл толды. Конституция – мемлекетіміздің Тәуелсіздігін айқындаған, халқымыздың еркіндігі мен теңдігін бекіткен, әрбір азаматтың құқығы мен мүмкіндіктерін қорғаған басты құжат. Осы заңымыздың арқасында елімізде білім саласына, ғылым мен жастардың дамуына айрықша жағдай жасалды.

Қымбатты студенттер!

Сіздер – ел ертені, жарқын болашақтың сенімді тірегісіздер. Бүгін университет табалдырығын аттап отырған жас талапкерлерді ерекше құттықтаймын! Алдағы жылдары сіздерге мол мүмкіндіктер мен ізденіске толы сәттер күтуде. Әрбір оқыған дәрістеріңіз өмірлік азық болып, алған білімдеріңіз ел игілігіне жұмсалсын.

Құрметті әріптестер!

Сіздерге еңбектеріңіз үшін шынайы ризашылығымды білдіремін. Жаңа оқу жылы толағай табыстарға, тың серпіңге толы болсын! Ғылым - білім жолындағы қажырлы еңбектеріңізге тек сәттілік серік болсын.

Білім күні және Ата заңымыздың 30 жылдық мерейтойы құтты болсын!

Жаңа оқу жылы баршамызға жетістік пен жақсылық әкелсін! Еліміз аман, жеріміз тыныш болсын!

*Ізгі тілекпен,
Университет ректоры
ТҮРДАЛИЕВ Әуезхан Тұрдалыұлы
техника ғылымдарының докторы, профессор*

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: ЗАҢ МЕН ТӘРТІП, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ, ҚОҒАМДЫҚ ОПТИМИЗМ» АТТЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ

Басы 1-ші бетте

Жетінші. Экономиканы жан-жақты цифрлық жаңғырту жұмыстары адам капиталын дамытуға қатысты жаңа міндеттер жүктейді.

Бұл жерде білім беру саласы айрықша рөл атқарады. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында жоспарланған 217 мектептің 150-і қазірдің өзінде жұмыс істеп тұр. Қалған мектептердің құрылысы алдағы үш ай ішінде аяқталуға тиіс. Цифрлық технологиялар жаһандық еңбек нарығын жылдам өзгертіп жатыр. Әлемде жасанды интеллектімен жұмыс істеудің қыр-сырын білетін мамандарға деген сұраныс артып келеді. Сол себепті менің тапсырмаммен 100 мыңға жуық студентті жоғары технологиялық жобаларға тартуды көздейтін AI-Sana бағдарламасы жүзеге асырыла бастады. Алайда жасанды интеллектімен жұмыс істеу күзін қалыптастыру әлдеқайда ерте жастан, яғни мектеп қабырғасынан қолға алынуға тиіс.

Қашықтан оқыту тәсілі және жасанды интеллект технологиясы негізінде «Qazaq Digital Mektebi» атты шағын жинақты мектеп үлгісін әзірлеуіміз қажет. Мұндай платформа ауылдағы оқушыларды сапалы оқу тәсілдерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Министрлік және Ғылым академиясы бірлесіп, ғылыми институттар мен жоғары оқу орындарын үйлестіру ісімен белсенді түрде айналысуы керек.

Жасанды интеллектіні кеңінен қолданатын университеттерге көбірек дербестік беруге болады.

Азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттыру мәселесі әлі де өзекті.

Осы ретте, «AMANAT» партиясы ұсынған «Қарызыз қоғам» жобасын жүзеге асыруды жалғастыру керек.

Денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық тұрақтылығына және медициналық қызметтерге мониторинг жүргізу ісінің тиімділігіне қатысты мәселелер бар.

Бюджет қаржысы шектеулі кезде Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры іс жүзінде бюджетті реттеуші рөлін атқарып отыр. Қор дайын өнім жеткізетін кәсіпорындарға бақылауды күшейткеннің арқасында шығынды көбейтпей ұстап тұр. Үкімет жасанды интеллект технологиясын қолданып, медициналық қызметтердің сапасына және көлеміне мониторинг жүргізетін жаңа жүйе қалыптастыруға тиіс.

Келесі мәселе. Бұл – жасанды интеллект дәуіріндегі мәдениет пен өнердің дамуы. Осы салаға бұрынғыдай айрықша мән береміз, тиісті инфрақұрылымды саламыз және қажет болса жөндеуден өткізіп, қалпына келтіреміз.

Қазіргі заманда кәсіби спортты қомақты табыс әкелетін бизнес-индустрия ретінде қарастырылған жөн.

Мен жариялаған міндеттер Қазақстанның одан әрі қарқынды дамуы үшін айрықша маңызды.

Олар елімізді цифрлық жаңғырту ісімен тығыз сабақтасып жатыр.

Жасанды интеллектіні жаппай енгізу және жаппай цифрландыру еліміздің барлық саладағы әлеуетін еселеп арттырады. Біздің стратегиялық бағдарымыздың ең басты қыры осы болуға тиіс.

Әрине, елімізде суперкомпьютердің іске қосылуы – зор жетістік. Бірақ мұны Үкімет те, бүкіл қоғам да Қазақстанды, шын мәнінде, цифрлық мемлекетке айналдыратын жан-жақты және қарқынды жұмыстың бастауы ретінде қабылдауға тиіс.

Осы міндетті тиімді орындау үшін Үкімет цифрландыру ісі мен жасанды интеллектіні дамытуға арналған «Digital Qazaqstan» атты біртұтас тұжырымдамалық құжат әзірлейді. Онда бастамалар мен жобалардың бәрі жалпыұлттық стратегия аясында біріктірілетін болады.

Түптеп келгенде, еліміздің түбегейлі цифрлық жаңғыруын халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бастайтын жол дей аламыз.

Мемлекет әр азаматтың лайықты табыс тауып, сапалы әлеуметтік қызмет алып, ертеңгі күніне сенімді болуы үшін барынша жағдай жасай береді.

Себебі қолға алынған барлық реформа бір ғана мақсатты көздейді. Бұл – халықтың әл-ауқатын арттыру және елдің жан-жақты өрлеуін қамтамасыз ету. Еліміздің халықаралық беделін арттыру жолындағы күш-жігеріміздің түпкі мәні де осы.

Біз маңызды халықаралық проблемаларды шешуге өз үлесімізді қосып келеміз. Қазақстанмен қарым-қатынас орнатуға мүдделі алыс-жақын елдердің бәрімен ынтымақтастығымызды бағалаймыз.

Біріккен Ұлттар Ұйымына әлі күнге дейін еш балама жоқ. Қазақстан оны көкейкесті халықаралық мәселенің бәрін әділ шешу жолындағы негізгі келіссөз алаңы болып қала беруге тиіс деп санайды.

Дегенмен Біріккен Ұлттар Ұйымын, әсіресе, оның ең басты органы – Қауіпсіздік Кеңесін реформалайтын кез келді.

Мен жақында Нью-Йорк қаласында Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының мерейтойлық сессиясында сөз сөйлеймін. Басқосуда халықаралық ахуалға, соның ішінде

Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалауға қатысты Қазақстанның көзқарасын білдіремкін.

Қадірлі отандастар!

«Заң және тәртіп» – мемлекетіміздің мызғымас тұғыры.

Қоғамда осы қағиданы түбегейлі орнықтыру үшін барлық құзырлы органдар арасында ортақ көзқарас пен ортақ ұстаным болуға тиіс. Бұл – ең алдымен, ешқандай құқық бұзушылыққа жол бермеу қағидасы, яғни кез келген заңсыздыққа қарсы тұру деген ұстаным.

Сондықтан мемлекеттік органдардың осы бағыттағы жұмысын барынша қолдау қажет. Сонда ғана елімізде құқық бұзушылыққа, озбырлық пен зорлық-зомбылыққа қарсы сана-сезім қалыптасады, қоғамға жат кез келген әрекетке төзбеушілік пайда болады.

Ашығын айтуымыз керек, қазіргі таңда адамдарда дөрекі сөйлеп, бір-біріне ерегесіп, жаға жыртасатын әдет бар. Осындай келеңсіз оқиғаларды, әсіресе, қоғамдық орындарда, жол бойында жиі көруге болады.

Өкінішке қарай, солардың ішінде айқай-шу шығаратын, балағат сөздер айтып, қоғамдық тәртіпті бұзатын әйелдер де бар.

Бұл – мәдениетті, өркениетті қоғамға жараспайтын қылық, еліміздің халықаралық қоғамдастықтағы беделіне зиян келтіретін құбылыс.

Озық ойлы ұлт болу үшін мұндай жағымсыз әдеттен түбегейлі арылуымыз керек. Ұлы Абай «Бірінді қазақ, бірін дос, көрмесен істің бәрі бос» деп бекер айтпаған. Мәдениет пен әдеп, тәрбие мен тәлім әрбір азаматтың, әрбір отбасының өзінен басталуы қажет. Қазіргі бұлыңғыр заманда ең басты міндет – еліміздің егемендігін, жеріміздің тұтастығын нығайту. Ол үшін бірлігіміз бекем болуы керек. Халқымыз тату болса, ішкі ахуал тұрақты болса, біз барлық қиындықты жеңеміз. Кез келген кедергіден өтеміз.

Сондықтан жұрттымызды ел тыныштығын бағалай білуге, сақтай білуге шақырамын.

Әрбір азамат мемлекетшіл, отаншыл болуы керек.

Бүгін патриотизм деген сөздің сипаты, мазмұны өзгеріп жатыр. Бұрын бұл ұғым негізінен дәстүрлі құндылықтармен өлшенетін, тіл, мәдениет, руханият мәселесі ұлттық мүдденің өзегі ретінде саналатын. Әрине, бұл дұрыс, әрқайсысы ұлт болмысының арқауы. Оны бізден ешкім тартып алмайды, оған алаңдауға еш негіз жоқ.

Қазіргі көкірегі ояу жас ұрпақ отаншылдық деген сөзді басқаша қабылдайды. Жастардың басым көпшілігі әсіредіншілдікті, әсіреұлтшылықты қолдамайды. Олар үшін патриотизмнің басты көрсеткіші – жасампаздық пен жаңашылдық.

Жастар «Елді сүю дегеніміз – халыққа пайдасы тиетін жаңалық ашу, жаңа іс бастау» деп түсінеді.

Олар Қазақстанды дамыған, көркейген мемлекет ретінде көргісі келеді. Заманауи технологияларды меңгеріп, халқымызды озық ойлы ұлттардың қатарына қосуға талпынады.

Өскелең ұрпақтың бойындағы патриотизм – болашаққа деген шынайы ұмтылыс. Бұл – қоғам санасында болып жатқан өзгерістің айқын көрінісі. Мен мұны толығымен қолдаймын. Жастардың күш-жігеріне, олардың дарыны мен біліміне сенемін.

Біз кеше кім болғанымызды ұмытпаймыз. Төл тарихымызға құрметпен қараймыз. Ал келешекте кім болатынымыз тек қана өз қолымызда екенін жақсы түсінеміз.

Сондықтан ғылым-білімге ұмтылған, елін-жерін көркейтуді ойлаған жастарға әрдайым жан-жақты қолдау көрсете береміз. Біз қолға алған ауқымды жұмыстың бәрі жастардың жарқын болашағы үшін жасалып жатыр. Өскелең ұрпақ ертең соның игілігін көреді, оны еселеп, лайықты жалғастырады.

Қазір жер жүзінде болып жатқан түбегейлі өзгерістерге жастар тез бейімделеді. Соның ішінде жасанды интеллектінің жаңа дәуірдегі орны ерекше.

Хакім Абай «Адамның адамшылығы ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деп айтқан.

Бұл нақыл сөзге Мемлекет басшысы ретінде қосарым: Өркениетті әрі озық елдің заңы – әділ, билігі – білікті, ал азаматтары саналы және белсенді болары хақ.

Мемлекет деңгейінде қабылданған әрбір шешімнің мән-маңызы, ең алдымен, халықтың тұрмысын жақсарту, экономиканы тұрақтандырып, әлеуметтік әділдік орнату үшін жасалған нақты істермен өлшенуге тиіс. Сонда біз жаңа тұрпатты, мықты ел боламыз.

Қазақстан жан-жақты, түбегейлі реформалардың арқасында дамудың даңғыл жолына түсіп келеді. Алда қарқынды жұмыс күтіп тұр. Біз бағдарымыздан айнымай, тек алға қадам басуымыз керек.

Құрметті отандастар!

Бүгін мен еліміздің жасанды интеллект негізінде әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай оң ықпалын тигізетін жаңа саяси реформа туралы ойымды ортаға салғым келеді.

Бұл жерде парламенттік реформа туралы айтқалы тұрмын.

Жоғары өкілді билік тармағына қатысты реформаны бұған дейінгі барлық өзгерістің, соның ішінде Президент билігіне қатысты өзгерістердің заңды жалғасы деуге болады. Біз Әділетті Қазақстанды құруға кірістік. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатына сәйкес билік пен халықтың арасында ашық әрі бүкпесіз диалог орнатып жатырмыз.

2022 жылы маусым айында елімізде жалпыұлттық референдум өтті. Онда азаматтарымыздың басым көпшілігі «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасы негізінде мемлекетімізді жан-жақты жаңғырту стратегиясына қолдау білдірді. Соңғы жылдары Қазақстанда, тіпті, шетелдерде болып жатқан оқиғалардың өзі біз таңдаған бағдардың дұрыс екенін көрсетіп берді. Дегенмен бір жерде тоқтап қалуға болмайды.

Біз еліміздің және кейінгі ұрпақтың болашағын тереннен ойлауымыз керек. Менің жылдың басында «Ана тілі» газетіне ауқымды сұхбат бергенімді білесіздер. Онда «Реформа – ұдайы жүретін үдеріс, қоғамда нақты сұраныс болса, жаңа реформалар әзірленеді» деп айттым.

Елімізде парламенттік реформа мәселесі кемінде жиырма жылдан астам уақыт бойы айтылып келеді. Осы мәселе ашық та, жабық та талқыланып жүргені ешкімге құпия емес. Бұл тақырып әлі күнге дейін өзекті болып отыр. Сондықтан мемлекеттік жүйе дамып, азаматтарымыздың саяси мәдениеті өсіп келе жатқанын ескере отырып, бұл мәселені халықтың талқысына салу айрықша маңызды деп санаймын.

Сенат 1995 жылы елімізде күрделі әрі тұрақсыз саяси жағдай болып тұрған сәтте Парламенттің жоғары палатасы ретінде құрылды. Ол кезде мемлекетіміздің негізі енді ғана қалыптаса бастаған аса қиын жолдың басында тұрған едік. Сенатқа мемлекет құру ісіндегі тұрақтылықты қамтамасыз ету тарихи міндеті жүктелді. Өткен 30 жылда Сенат өзінің осы аса маңызды тарихи миссиясын абыроймен, тиімді атқарып шықты. Жоғары палата заң шығару үдерісінің, басқа да негізгі реформалардың айрықша маңызды тетігі әрі кепілі болып келеді.

Баршаңызға мәлім, мен Сенатқа он жыл басшылық еттім. Бұл жұмысты қашанда зор мәртебе әрі үлкен жауапкершілік деп санадым. Сондықтан маған осы мінберден парламенттік реформа туралы айту ұнай емес. Соған қарамастан мен дәл бүгін елімізде көп ұзамай бір палаталы Парламент құру туралы бастама көтергім келеді. Бірден айтайын, бұл – өте маңызды мәселе. Оны асығыс жүзеге асыруға болмайды. Бұл реформа азаматтық секторда, сарапшылар ортасында, сондай-ақ, әрине, қазіргі Парламентте жан-жақты талқылануы қажет.

Реформаның мән-маңызы айрықша екенін ескерсек, оны талқылауға бір жыл уақыт керек деп ойлаймын. Содан кейін, яғни, 2027 жылы жалпыұлттық референдум өткізуге болар еді. Содан соң Конституцияға тиісті өзгеріс енгізе аламыз.

Мен мемлекеттің тағдырын айқындайтын барлық мәселе халықтың келісімімен ғана шешіледі деп бұған дейін бірнеше рет айттым. Егер бір палаталы Парламент құру қажет деген ортақ шешімге келсек, ондай Парламентті тек қана партиялық тізім бойынша сайлаған жөн деп санаймын. Бұл – әлемде кенінен тараған парламенттік рәсім. Осылайша, Мәжілістің қазіргі құрамы барлық заңдық рәсімдер аяқталғанша өз ісімен айналыса береді. Сенат жалпыұлттық референдумның қорытындысы шығып, жаңа Парламент сайлауы өткенге дейін алаңсыз жұмыс істейді. Ал саяси партиялардың бәсекелі тартысқа дайындалуына уақыты болады. Депутаттарымыз нағыз мемлекетшіл азамат ретінде бұл мәселеге зор жауапкершілікпен әрі түсіністікпен қарайды деп ойлаймын.

Түптеп келгенде, саяси реформалардың бәрі еліміздің біртұтас институционалды жүйесінің ажырамас бөлігіне айналады.

Әрине, заңды сұрақ туындауы мүмкін: Президент Парламенттік реформа жасау қажеттігі туралы неге соншалықты ерте жариялап жатыр, әйтпесе, саяси технологияның қағидасына сәйкес мұндай шаралар тосыннан, күтпеген жерден жасалады емес пе?

Бірақ мен осыған дейін де айттым, тағы да қайталап айтамын: мен еліміздің және халқымыздың тағдырына қатысты қандай да бір мәселеге келгенде тек қана ашық саясат жүргізу керек деп санаймын, мұндай ауқымды реформаны қоғамнан құпия ұстауға болмайды деп есептеймін.

Осындай тағдырлы мәселелер бойынша халықпен ашық сұхбат жүргізу қажет деп сенемін. Сонда ғана бәріміз бір ел болып, Әділетті және Қуатты Қазақстанды құру жолында тағы бір маңызды қадам жасаймыз.

Баршаңызға амандық, табыс тілеймін.

Қазақстанымыз мәңгі жасай берсін!

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОНЫ ТҮБЕГЕЙЛІ ЦИФРЛЫҚ -ӨЗГЕРІСТЕР АРҚЫЛЫ ШЕШУ



Негізгі бастамалар мен ұсыныстар: Жаппай цифрландыру және жасанды интеллект. Қ. К. Тоқаев цифрлы технологияларды барлық салада кеңінен қолданумен қатар, жасанды интеллектті дамыту қажеттігін атап өтті. «Цифрлық кодекс» заңын жедел қабылдау қажеттілігі айтылды. Ел «цифрлық елге» айналуға тиіс, бұл үдеріс үкіметтің, білім беру, денсаулық сақтау және қаржы сияқты салалардың да қамтиды.

Білім мен жаңа технология:
– Жастарды цифрлық сауаттылыққа, жасанды интеллект, IT және инновациялық салаларға тарту көзделді. – Университеттер мен колледждер еңбек нарығына қажетті мамандарды даярлауға бейімделуі тиіс.

Жұмыс орындары:
– Жаңа өндірістер арқылы жастарға қолжетімді жұмыс орындарын ашу жоспарланды.

– Стартаптар мен инновациялық жобаларды қолдау үшін гранттар мен жеңілдетілген несие тетіктері қарастырылмақ.

Әлеуметтік қолдау: Жастардың тұрғын үйге қолжетімділігіне, кәсіби дамуына жағдай жасалатыны айтылды.

Әлеуметтік саясат. Жолдауда әлеуметтік жеңілдіктер мен төлемдерді қайта қарау ұсынылды. «Әлеуметтік масылдықтың» алдын алу, өтемақылар мен көмек түрлерінің тиімділігін

арттыру қажеттігі айтылды.

«Әлеуметтік масылдық» емес, еңбекке ынталандыратын әдістер басымдыққа алынады.

Инфрақұрылым және логистика: Теміржол инфрақұрылымы, Қазақстанды Еуразияның негізгі көлік дәлізіне айналдыру жоспары жолдауда нақты айтылды. Жаңа теміржол желілері салынып, қолданыстағы жолдардың өткізу қабілеті күшейтіледі.

Жүк тасымалының тиімділігі, Логистикалық процестерді цифрландыру («смарт-карго» жүйесі) енгізіледі. Бұл тасымалдағы кідірістерді азайтып, экспорт-импорттың жылдамдығын арттырады.

Халықаралық маңыз: Қытай-Еуропа бағытындағы транзиттік әлеуетті толық пайдалану, Каспий маңы елдерімен интеграцияны тереңдету негізгі міндет ретінде қойылды. Қазақстанның көлік жүйесі халықаралық нарықтағы сенімді әрі бәсекеге қабілетті ойыншыға айналуы тиіс.

Парламентті бір палаталы ету реформасы Екі палаталы парламенттен бір палаталы жүйеге көшу туралы ұсыныс жасалды. Бұл реформа референдум арқылы жүзеге асырылмақ және халық талқысына салынуы тиіс. Сенат функциялары мен ролі қайта қаралатын болады.

Атом энергетикасы. Екінші және үшінші АЭС



салы бойынша жобалар жеделдетілмек. Бұл қадам елдің энергия қауіпсіздігі мен өнеркәсіптің дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Жолдауда жастар – елдің болашағы ретінде жаңа технология мен кәсіпкерліктің негізгі қозғаушы күші деп танылды. Ал теміржол мен логистика – Қазақстанның геостратегиялық артықшылығын іске асыратын басты сала. Екеуінің де түйіні – инновация мен еңбекке ынталандыру. Жолдау, студенттерге таныстырылып, қандай іс-әрекет жасауға болатын жолдары түсіндірілді. Студенттерде өз ой-пікірлерін білдірді.

ТЛЕГЕНОВА Айман Сулейменовна
«Экспресс ТЖ» газетінің редакторы

ТЕРРОРЛЫҚ ҚАУІП КЕЗДЕ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

ҚР Ішкі істер министрлігі қауіп төнген немесе лаңкестік актісі болған кезде өзін-өзі ұстау ережелері туралы жадынама әзірледі. Қауіп туындағанда хабарласуға болатын жедел қызмет нөмірлері: **Бірінші кезекшілік-диспетчерлік қызмет – 112; Полиция – 102; Терроризмге қарсы сенім телефоны – 110; Жедел жәрдем – 103.**

Егер сізге қауіп төндіретін қоңырау келсе, әңгіменің нақты мазмұнын есте сақтаңыз. Сөйлеу мәнерін, дауыс ерекшеліктерін, өзіне тән сөздер мен сөйлеу мәнеріне назар аударыңыз. Әңгімені жауап беру құрылымына немесе магнитофонға жазып алуға тырысыңыз. Телефонды қоймастан бұрын байланысқа шыққан телефон нөмірін жазып алуға ұмтылыңыз. Дерету полицияға хабарлаңыз!

Егер сіз қорқытатын хат алсаңыз, оны таза, тығыз жабылған пластик пакетке салып қойыңыз. Құжатқа саусақ іздерін қалдырмаңыз. Тек сол немесе оң жағынан ашыңыз, конверттің шеттерін мұқият кесіңіз. Дерету полицияға хабарлаңыз!

Террорлық шабуыл қаупі туралы полицияға қалай дұрыс хабарлау керек? Сіздің әрекеттеріңіз қылмыскерлердің хабарламасы немесе лаңкестік актісі туралы жалған хабар ретінде қарастырылмау үшін жеке ақпаратыңызды және оқиғаның барлық мән-жайларын міндетті түрде беріңіз. Жарылғыш құрылғының белгілері: антенна, сағат механизмінің дыбысы, әртүрлі сымдар, батареялар, оқшаулағыш лента, түрлі несіз қалған заттар.

Жарылғыш құрылғылар көбіне қоғамдық орындарға орнатылуы мүмкін: базарлар, қоғамдық көлік аялдамалары, дүкендер, сауда және ойын-сауық орталықтары, алаңдар, саябақтар, автокөліктер. Қандай жағдай болса да, үрейленбеңіз!

Белгісіз күдікті нысанды тапсаңыз не істеу керек? Егер көлікте, көшеде, аялдамада, потерде, басқа қоғамдық орында күдікті затты (қорап, сөмке, портфель) тапсаңыз, ұстамаңыз, ашпаңыз, жақындамаңыз, қозғалмаңыз. Ұялы телефонды,

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

рацияны қолданбаңыз, от жақпаңыз, сұйықтық құймаңыз, ұнтақпен жаппаңыз, мүмкіндігінше күдікті затты қоршаңыз, заттың табылған уақытын есте сақтаңыз, «102» телефоны арқылы полицияға хабарлаңыз. Балалар мұндай жағдайда жақын маңдағы ересектерге (ата-ана, мұғалім, полиция қызметкері) жедел айту керек. **Адамдар көп жиналатын жерлерде лаңкестік әрекеттер кезіндегі мінез-құлық.** Көпшіліктен, адамдардан аулақ болыңыз, жалғыз жүруге тырысыңыз. Тұншығып қалмас үшін галстугыңызды (орамал және т.б.) шешіңіз. Қажет емес нәрселерден арылыңыз. Шынтақтарды бүгіп, диафрагманы қорғай отырып, дененізге қарай басыңыз. Киімдегі барлық түймелерді бекітіңіз. Көпшілікке қарсы қозғалмаңыз. Егер құлап қалсаңыз, дереу басыңызды қолыңызбен қорғауға тырысыңыз, аяғыңызды тез тартып, бірден тұруға ұмтылыңыз. Егер сіз көшеде лаңкестік әрекетке тап болсаңыз, жарылыс болған жерге жақындауға болмайтынын естен шығармаңыз. Оқиға орнынан аулақ болуға тырысыңыз. Ғимараттардың бұрыштарының артына жасырыңыз. Бірден жерге жатыңыз, басыңызды қолыңызбен жабыңыз. 102 телефоны арқылы полицияға хабарлаңыз. Зарпап шеккендерді құтқарыңыз. Электр сымдарының құлауынан сақ болыңыз. Биік ғимараттардан аулақ болыңыз. Құқық қорғау органдары келгенде, білген ақпаратпен бөлісіңіз. Егер сіз мылтық дыбысын естісеңіз, терезелерге, есіктерге жақындамаңыз, терезелердің жанында немесе есік ойықтарында тұрмаңыз. Мылтық дауысы естілетін көшеге қарайтын бөлмеге кіруге болмайды. «102» телефоны бойынша полицияға хабарлаңыз. Бейтаныс адамдарға есік ашпаңыз. Сыртқа шықпаңыз. Лаңкестік әрекет ғимарат ішінде жасалса, бірден еденге жатыңыз, басыңызды қолыңызбен жабыңыз. Терезелерден, шкафтардан және сөрелерден аулақ жүріңіз. Жүгірмеңіз, лифтілерді пайдаланбаңыз. Шыны жабылған

қабырғалардан аулақ болыңыз. Есік ойықтарына, жүк көтергіш қабырғаларға жақын болыңыз. Ашық сымдарды ұстамаңыз.

Террорлық акт туралы хабарлама алсаңыз, төтенше жағдайда эвакуациялауға дайындалыңыз. Құжаттарыңызды, ақшаңызды, азық-түліктерді сөмкеңізге салыңыз, ысқырықтың болуы да пайдалы. Алғашқы көмек жинағын немесе қажетті дәрі-дәрмек мөлшерін дайындаңыз. Балқондар мен лоджиялардан жанғыш және жанғыш заттарды алып тастаңыз. Радионы немесе теледидарды қосып, хабарларды тыңдаңыз. Адамдар көп жиналатын жерлерден аулақ болыңыз. Төтенше және қызметтік телефон нөмірлерін жақын жерде ұстаңыз. **Эвакуация туралы хабарлама алған кездегі әрекеттер.** Сабырлы болып, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің нұсқауларын орындаңыз. Киініңіз, кешігіп қалған әріптестеріңіз бен туыстарыңызға көмектесіңіз. Ғимараттан дүрбелеңге берілмей шығыңыз. Электр қуатын, тұрмыстық техниканы, суды және газды өшіріңіз. Ғимараттан алыс болыңыз. Қоңырау шалып, ғимараттан шыққан барлық адамдарды тексеріңіз. Полиция келгенге дейін куәгерлердің болуын қамтамасыз етіңіз. **Келіп алу кезіндегі әрекеттер.** Дүрлікпеңіз, айқайламаңыз, дауласпаңыз. Келіссөздер жүргізуге тырыспаңыз. Қылмыскерлерді жек көру сезімін білдірмеңіз. Қасыңыздағы адамдарға көмектесіңіз. Мүмкіндік болса полицияға хабарласу маңызды. Қашып кетуге сенімді болмаңыз жүгіріп, нәтижесіз қадамдарға бармаңыз. **Келіп алынғандарды босату мақсатында арнайы операция кезіндегі әрекеттер.** Еденге бетті төмен қаратып жату керек. Қолдарыңызды бастың артқы жағында ұстаңыз. Арнайы күштерге қарай жүгірмеңіз. Терезелер мен есіктерден алыс болыңыз. Қылмыскерлерден қару алмаңыз. Қылмыскерлермен күреспеңіз. Тиісті шаралар аяқталмайынша, өз бетінше тұрмаңыз, наразылық білдірмеңіз!

ЭКСПРЕСС ТЖ ақпаратты

АДАЛ АЗАМАТ – АДАЛ ЕҢБЕК – АДАЛ ТАБЫС



Оқу орнымызда Алматы қаласы маслихатының депутаты Елеусізов Тимур Мәлсұлы қонақта болып, Президенттің халыққа Жолдауында көрсетілгендей “Адал азамат дегеніміз – жақсы қасиеттерге ие болып, адал еңбек ететін және табысқа адал жолмен жететін адам. Яғни, адалдық пен әділдікті бәрінен биік қояды. Озық ойлы ұлт болу үшін бүкіл қоғам сана-сезімін өзгертіп, жаңа құндылықтарды орнықтыруы керек. Әрбір адам «Адал азамат» деген атқа лайық болса, елімізде әділ қоғам орнайды” деп айтып өткен

болатын.

Жаңа оқу жылынан бастап еліміздегі барлық білім беру ұйымдарында, соның ішінде жекеменшік мектептерде де тәрбие жұмысы «Адал азамат» атты біртұтас бағдарлама негізінде жүргізіледі. Бұл – бұрын жүзеге асырылған «Біртұтас тәрбие» тұжырымдамасының жалғасы, бірақ мазмұны жаңартылып, Мемлекет басшысының «Адал азамат – адал еңбек – адал табыс» идеологиялық қағидасымен үндестірілген.

Бағдарламаның үйлестірушісі Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА мәліметінше, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрығымен ресми түрде жаңа атауы бекітілген. Оның мақсаты – адал, еңбеккер, елжанды азаматтар тәрбиелеу.

Тәрбие жүйесі жалпыұлттық құндылықтарға негізделіп, мектеп, ата-ана және қоғам арасындағы байланысты нығайтуға бағытталды.

Алғаш рет бұл бағдарлама жекеменшік мектептер үшін де міндетті болмақ. Бұл тәрбие жұмысының ел көлемінде бірізді стандартпен жүргізілуіне және барлық оқушылар үшін тең орта қалыптастыруына мүмкіндік береді.

Тәрбие жұмысын жүзеге асыруда барлық тараптардың өзара бірлесу қызмет атқаруына ерекше көңіл бөлінеді, тәрбие ісі мемлекеттік органдармен, құқық қорғау, денсаулық сақтау, ішкі саясат саласындағы құрылымдармен тығыз жүргізіледі.

Бұған дейін іске асқан «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Қамқор» (экология және волонтерлік), «Еңбегі адал – жас өркен» (еңбекке баулу және мамандыққа бағдар), «Smart Bala» (IT және инновациялық ойлауды қолдау), «Шабыт» (өнер мен мәдениет арқылы рухани даму), «Ұшқыр ой алаңы» (пікірсайыс пен зияткерлік ойындар), «Балалар кітапханасы» (оқу сауаттылығы мен кітап мәдениетін дамыту) секілді алты ірі жоба жүзеге асқан болатын.

Сонымен бірге, буллингтің, құқық бұзушылық пен балалар арасындағы қауіптің алдын алуға бағытталған жобалар өз жұмысын жалғастырады. Олар: «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам», «Буллингтен қорған!», «Қауіпсіз қоғам».

Бұл бағдарлама – еліміздің барлық оқу орындарында, біртұтас тәрбиелік орта қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам. Бұл қадамға саяси мәдениетті дамыту арқылы қоғамды қалыптастырумыз маңызды. Ол үшін әрбір берілетін тәрбие тал бесіктен бастау алуы қажет. Отбасы мәдениеті мен отбасы тәрбиесін дамыту, отбасы құндылықтарын сақтау арқылы қол жеткізуге болады. Жастардың тәрбие ошағы оның ортасы мен отбасы. Қоғамда болып жатқан келеңсіз жағдайлар күнделікті күйбек тірліктің соңында жүрген ата-ананың бала тәрбиесіне

уақытының жоқтығы тікелей әсер етеді. Қоғамдағы әділетсіздікті көріп өскен балаға, қалай әділетті бол, дей аламыз. Сондықтан қоғамды саяси мәдениеттілікке үйрететін элитаның қалыптасуы қажет.

Жоғары оқу орнында студенттердің азаматтық - патриоттық дүниетанымын қалыптастыру ұзақ және әлеуметтік процесс. Студенттердің азаматтық ұстанымының көрінісі рухани құндылықтардан тұратын азаматтық - патриоттық дүниетанымыға негізделуі тиіс. Азаматтық адамның сенімінің, ой-сезімінің және әрекетінің тамыры. Азаматтық тәрбие – бұл қоғамның әрбір мүшесіне қажетті азаматтық сапаны қалыптастырудағы тәрбие жүйесі. Осыған орай азаматтық тәрбие саяси, құқықтық, сондай-ақ патриоттық және ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті ретінде біртұтас қаралады. Саяси, азаматтық, патриоттық және құқықтық тәрбие бір-бірімен тығыз өзара байланысты тәрбие салалары.

«Азаматты тәрбиелеу», «Отансүйгіштік» ұғымы педагогикалық әдебиеттерде «Азаматтық тәрбие», «патриотизм» ұғымдарымен алмастырыла қарастырылған. Отанға, өз халқына, тіліне, туған жеріне, мемлекеттің тарихына деген сүйіспеншілік туралы түсініктерін қалыптастыру және оны қайырымдылық пен қоғамдық мәні бар волонтерлік қызметке белсенді қатысу арқылы тиімді қолданылуы мүмкін. Студент жастардың әлеуметтік қалыптасуы, олардың мүмкіндіктерін жалпы қоғам мүддесіне қарай толық іске асыру жастардың жағымды субъективті ұстанымдарын қалыптастыруға, қоғам мен мемлекет мүддесінде оның жан-жақты әлеуетін дамытуға бағытталған заманауи тәрбие процесін ұйымдастыру мәселелерін өзектендіреді.

Депутат жастарға үлгі боларлық ой-пікірін айтып, қоғамдағы әрбір жастың белсенділігі мен азаматтық ұстанымының маңызын атап өтті.

ШАРИПОВ Кадырбек Султанбекович
Комлаенс офицер

IV бөлім

САЯТТЫҢ ХИКАЯСЫ

Келесі күндері Саяттың аты күнде журналдан түспейтін болды. Бір күні Алматы қалжындап:

—Енді біздің топтың басты интрига персонажы Саят. Әлі күнге дейін «главный герой» өзі жоқ, бірақ біз туралы роман жазса, соның атымен атар еді,- деді.

Сол күні асханада отырып та әңгіме Саятқа келіп тірелді. Бірінші курстың әдеті ғой, әлі бір-бірімізді дұрыстап танымаймыз. Біреу:

—Мүмкін, Саят киберспортшы шығар, таң атқанша түрлі ойындар ойнап, тәнертең парға келмей қалады,-десе..

Екіншісі:

—Жоқ, ол, бәлкім, жасырын миллиардер. Университетке аты - жөні тіркелген, бірақ өзі келмейді, себебі Мальдив аралында демалып жүр,- деп бәрімізді күлкіге қарық қылды. Осы кезде Жандос күлкіден жеп отырған нанға қақалып қалды. Бірақ соның өзінде күлкісін тоқтатпай, жетеліп отырып күле берді. Алматы бірден соны «прикол» қылып ұстап алды. Асханада отырған басқа топтың студенттері бізге бұрылып қарады. Алматы бұны да қалжыңға айналдырып:

—Қараңдаршы, біздің «Саят фанклубы» күн сайын өсіп келеді,- деді.

Келесі күні,

Аудиторияда бәріміздің көңіл - күйіміз жақсы еді. Саят жайлы әңгімелерде артта қалды. Сабақ басталған кезде апай тақтаға бір үлкен есеп жазды. Бірінші болып жауап беруге Әділхан шықты да, борды қолына алып тұрды да, бірақ ештеңе жаза алмады. Сол кезде Алматы сыбырлап:

Мына бордың өзі «жаза берші» деп тұр, ал жігітіміз әлі ойланып тұр, - деді. Бәріміз күлкімізді әрең ұстадық.

Жандос бір кезде көзін сығарайтып апайға қарап:

Апай, бүгін сіздің даусыңыз кәдімгідей радиодан хабарлап тұрған диктор сияқты естіледі екен,- деп қойды.

Апай күлкісін жасыра алмай:

Сендер лекция тыңдап отырсындар ма, әлде радио тыңдап отырсындар ма?- деп жауап қайтарды.

Алматы қасында отырған Аяулымға күліп:

Бізге жаңа радиостанция ашылды: «FM Университет – тек тікелей эфирде», - деді.

Қоңырау соғылып барлығымыз қоштасып жатаханаға жол тарттық. Жол бойы университеттегі болған оқиғаларға «прикол» ұстап күліп жүрдік. Университеттегі күндер көзді ашып-жұмғанша өте берді. Түрлі қызықты оқиғалар басымыздан өтті. Жаңа таныстар, жаңа сабақтар, ал ең бастысы – жаңа күлкілі сәттер.

Бір күні Аяулым презентациясын қосқанда экранда «Wi-Fi жоқ» деген жазу шықты. Бәріміз ду күлдік, ал Алматы: «Міне, нағыз студенттің өмірі осы» деп қойды. Сабақ үстінде Арман ұйықтап қалған еді. Алматы оның алдына дәптер қойып: «Жазып отыр, апай күліп алды» деді. Ол көзі жабық күйде шимайлап жаза берген. Асханада кезек күтіп тұрғанда біреу қатты ашуланды. Жандос жай ғана: «Бұл университеттің нағыз емтиханы тамаққа кезек» деп бәрімізді күлдірді. Бірінші сабақ бір корпуста, екіншісі басқа жақта болды. Барлығымыз көшеде жүгіріп барамыз. Алматы демігіп келе жатып: «Біз спорт факультетінде оқымасак та, студенттік марафонға қатысып жүрміз ғой» -, деді. Жандос: «Дұрыс айтасың, диплом алғанда бізге атлетикадан разряд та беру керек» деп қалжындап қойды.

Осылайша күндеріміз түрлі қызыққа толы болды: бірде сабақта ұйықтап қалу, бірде презентацияда Wi-Fi іздеу. Әйтеуір, студенттік өміріміздің әр күні бір-біріне ұқсамайтын, күлкіге толы апта болып өте берді.

«Студенттік өмір — роман секілді: әр семестр жаңа тарау, әр емтихан жаңа сынақ, әр дос — жаңа кейіпкер. Менің мамандығым кеден ісі болса да, жүрегім жазушылықта. Мен осы екеуін біріктіріп, өз өмірімің ең қызық оқиғасын жазып жүрмін»



Күндер өте «Тілдер мерекесі» басталатын күн жетті. Сабақтың орнына бүкіл факультетті акт залына жинады. Әдеттегідей, залдың алдына бірінші курс студенттерін отырғызды, ал артжағында «жоғары курс» студенттері салмақты қалыппен жайғасты.

Жүргізушілер сахнаға шығып, мерекені ресми ашып берді. Әнұран, құттықтау сөздер. Бәріміз бір - бірімізге қарап, «қашан қызық басталады екен» деп күтіп отырмыз.

Алғашқы номер – қазақ биі. Бір топ қыздар әдемі камзол киіп, сахнада әсем қимылдады. Содан кейін, орыс тобы сахнаға шығып ән шырқады. Арасында жүргізушілер викториналық сұрақтар қойды. Бір кезде ағылшын тілінде ән шырқады. Әнді бастай бергенде микрофон біресе істеп, істемей қалып тұрды. Осы сәтте Жандос тағы да Саят жәйлі есімізге түсірді:

Енді біздің Саят сахнаға шығып ән шырқап жіберсе тамаша болады – деп қалжындап қояды.

Бірақ шынымен, көп ұзамай жүргізуші: Келесі номер орыс тобының студенті Саят өзі жазған әнін шырқайды, деп хабарлады бүкіл назар сахнада болды. Сахнаға орта бойлы, шашын қиғаштап алған жігіт шықты. Залда отырған біз бір - бірімізге қарадық: Әй, мынау біз іздеп жүрген Саят емес пе? —Тууу, расында өзі ғой! Саят сахнада еш қысылмай, микрофонды қолына алды. Сосын күлімдеп тұрып: —Мен сіздерге өзімнің авторлық әнімді орындаймын,-деді. Алматы бірден сыбырлап үлгерді: —Әәә, бұл жігіт жай студент емес екен, «жасырын жұлдыз» болып шықты ғой.

Саяттың даусы шынымен күшті екен. Ол әнді айтқан сайын, залда отырғандар үнсіз тыңдап қалды. Әннің сөздері де әсерлі, студенттік өмірдің шаттығы мен сағынышын суреттейді. Жандос болса, әр дыбысына басын изеп, «әу» деп қойып отырды. Ән біткенде зал ду қол шапалақтады. Саят аздап қызарып кетсе де, күліп тағзым етті. Соңғы номерден кейін жүргізушілер сахнаға шығып:

—Құрметті студенттер, осымен «Тілдер мерекесі» ресми түрде жабық деп жариялаймыз! - деп концерт аяқталды.

Концерт бітіп, бәрі сыртқа шығып жатқанда, сахнаның қасында Саят өзі күліп тұр екен. Біз жиналып қасына бардық. Ол бірден бізді көре салып амандасып қал жағдай сұрасастық.

—Менің басында орыс тобына шатастырып ауыстырып жіберіпті. Негізі қазақ тобына түскем ғой. Енді орнымды таптым,- деп, күліп жіберді. Бәріміз жиналып жатаханаға жол тарттық. Жол бойы Саят болған оқиғаларын айтып келді.

—Қураторымыз таңертең «Сабақ 9:00-де, кешікпеңіздер» деп жазған соң, асығып университетке қарай жолға шықтым. Жатаханада жаңа танысқан бөлмелес жігіттермен әңгімелесіп бара жатқандықтан, жолдың қалай өткенін де байқамай қалдым. Аудиторияға кіріп, бос орынға жайғастым. Сабақ басталар сәтте апайымыз өзін таныстырып, дәрісті бастап кетті. Бір байқағаным – бәрі орыс тілінде жүріп жатыр. Алғашында аса мән бермедім. Бірақ қоңырау кезінде студенттер менімен амандасып, аты - жөнімді, жасымды қай жақтан екенімді де орысша сұрап шықты. Өзімді таныстырып болған соң іштей ойландым: «Бұл топта қазақтар мүлде жоқ па екен?» Расымен де, ешбір қазақ баласын көрмедім. «Мені орыс тобына қосып жіберген жоқ па?» деген ой келді. Дәріс біткен соң бірге қайтатын балаларды таба алмадым. Телефон нөмірлерін де үлгеріп алмаппын. Аманалсыз жалғыз қайтуға тура келді. Келген жолымды есте сақтамаппын, сол үшін 2GIS қосымшасын қосып, жатаханың мекен-жайын жазып алдым. Бірақ жолды қысқарудың орнына, қайтадан ұзарта түсті. Бағдарлама «оңға бұрыл, солға жүр» деп әкелген жолдарым таңертең мүлде көрмеген көшелерге апара бастады. Біраз жүрген соң аяғым шаршап, әбден шатаса бастадым. Бір уақытта «Бауыржан Момышұлы» метро бекетіне жетіп қалдым. Одан әрі «Абай даңғылы», «Яссауи көшесі» деп бұрғызып, әйтеуір бағдаршамның біріне дейін жеткізді. Сол жерден оңға бұрылып едім, таңертең дәл осы жолмен жүргенімді танып, өзіме -өзім күлдім. 10-ақ минутта жететін жатаханаға бір сағат адасып әрең келдім. Кешке бөлмелес балаларға болған жайды айтып берсем, бәріміз ду күліп алдық. «Қалада адаспасаң, шынайы студент болмайсың» дегенді де сол күні түсіндім.

Осылайша бір күлкілі оқиғаға тап болдым, деп Саят бір күлдіріп алды. Қызық әңгімеге қарық болып, әрқайсымыз өз бөлмелерімізге тарастық.

СЕРИКБАЙ Ильяс,
Кеден ісі мамандығының, 2 курс студенті

СӘУЛЕТ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС: ҰЛТТЫҚ НАҚЫШ ПЕН ЗАМАНАУИ ҮЙЛЕСІМ



Сәулет және құрылыс – адамзат өркениетінің іргетасы іспетті аса маңызды, әрі жауапты салалар. Ғасырлар бойы адамзат өз ортасын жақсартуға, жайлы әрі әсем етуге тырысып келеді. Осы жолда сәулет өнері мен құрылыс технологиялары қатар дамып, әр кезеңнің өзіндік стилі мен ерекшелігін қалыптастырды. Қазақстан да бұл үрдістен шет қалған жоқ. Қазіргі таңда еліміздің сәулет өнері мен құрылыс саласында ұлттық нақыш пен заманауи технологиялардың үйлесімі ерекше байқалады. Сәулет – өнер мен ғылымның тоғысы. Сәулет – тек ғимарат тұрғызу емес, бұл – кеңістікті тиімді әрі әсем ұйымдастыру өнері. Сәулетші – суретші, инженер, дизайнер, философ және қоғамның талғамына әсер етуші тұлға. Ол

адамдардың өмір сүру ортасын әдемі, ыңғайлы және қауіпсіз етіп жобалауға жауапты. Сонымен қатар, сәулетші жобалау барысында функционалдылықты, эстетиканы, экологиялық талаптарды, инженерлік шешімдерді және әлеуметтік қажеттіліктерді ескереді. Бүгінгі күнде сәулет тек қала немесе ауыл көркі емес, ол елдің мәдениетін, рухын, болашағын бейнелейтін көркем тілге айналды. Ұлттық ою - өрнектер, дәстүрлі пішіндер мен заманауи материалдардың үйлесуі қазақ сәулетінің өзіндік стилін қалыптастыруда. Құрылыс – сәулеттік ойдың шынайы көрінісі. Құрылыс – сәулет жобаларын нақты жүзеге асыру процесі. Бұл сала физикалық еңбекке, инженерлік шешімдерге, жоғары технологияға және ұйымдастырушылық қабілетке сүйенеді. Құрылысшы – сәулетшінің идеясын өмірге әкелетін маман. Осы екі сала – сәулет пен құрылыс – өзара тығыз байланысты, бірін-бірі толықтырып тұрады. Сәулетсіз құрылыс – мәнсіз, ал құрылыссыз сәулет – қағаздағы бос сурет қана. Бүгінгі таңда құрылыс индустриясы қарқынды дамып келеді. Жаңа



технологиялар, инновациялық материалдар, энергия үнемдеуші жүйелер құрылыс сапасын арттырып, оны экологиялық жағынан да тиімді етуге мүмкіндік беруде. **EXPO-2017 – заманауи сәулет өнерінің жарқын үлгісі.** Қазақстандағы заманауи сәулет пен құрылыс өнерінің көрнекті туындыларының бірі – «EXPO-2017» халықаралық көрмесінің павильоны. Астана қаласында бой көтерген бұл кешен тек инженерлік жетістік емес, ол – сәулеттік шеберліктің шыңы. Дөңгелек формадағы «Нұр Әлем» сферасы бүкіл әлем назарын өзіне аудартты. Бұл жобаның жүзеге асуына Қазақстан Республикасының құрметті сәулетшісі, «EXPO-2017» грантының иегері **Нарынов Сәкен Жомартұлы** үлкен үлес қосты. Оның шығармашылығы – ұлттық болмыс пен заманауи үрдістердің тоғысын бейнелейтін ерекше мектеп. Осы жобада да менің де үлесім бар. Себебі осы жобада жұмыс істегенімді мақтан тұтамын.

Шығармашылық кездесу – кәсіби дамуға серпін Жакында Сәкен Жомартұлының шеберханасында 1-курс студенттерінің қатысуымен шығармашылық кездесу өтті. Бұл шара жас сәулетшілер мен құрылыс мамандығына енді ғана аяқ басқан студенттер үшін үлкен тәжірибе мектебіне айналды. Кездесу барысында студенттер сәулет және құрылыс саласындағы заманауи үрдістермен, жобалау технологияларымен, авторлық әдіс - тәсілдермен танысты. Сонымен қатар, кәсіби бағыт - бағдар, еңбек нарығындағы сұраныс, шығармашылық ойлау қабілеті



секілді маңызды мәселелер кеңінен талқыланды. Көптеген студенттер өз болашақ мамандықтарына деген қызығушылығы артып, бұл саланың қаншалықты маңызды және қызықты екенін ұғынды. Мұндай кездесулер – білім мен тәжірибе арасындағы алтын көпір, алға ұмтылуға, өз мамандығын мақтан тұтуға түрткі болары анық.

АБДРАХМАНОВА
Назым Нұрқасымқызы
«Көлік құрылысы, көпірлер мен тоннельдер» кафедрасы техникалық ғылымдарының магистрі, аға оқытушы